Жалпы жиналыс серіктестікті басқару құрлымындағы ең жоғарғы орган болып табылады. ЖШС туралы заңның 42-бабының 2-тармағында барлық қатысушылардың жалпы жиналысқа қатысуға, күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға және шешімдер қабылдау кезінде дауыс беруге құқығы бар екендігі бекітілген. Дегенмен, жалпы жиналыс жұмысына қатысты жекелеген құқықтарды жүзеге асыруға заң шығарушы, қатысушыға тиесілі дауыс санына қарай арнайы талаптарда қояды: мысалы, 10% және одан да көп дауыс санын иеленетін қатысушылар, кезектен тыс жалпы жиналысты шақыру бастамасын көтеруге құқылы (45-баптың 2-тармағы); жалпы дауыс санының 5% және одан да көп бөлігін иеленетін қатысушылар, жалпы жиналыстың күн тәртібіне өз сауалдарын енгізуге құқылы (46-баптың 2-тармағы). Жалпы жиналыс жұмысына қатысудан тыс, серіктестік қатысушысы ағымдағы басқаруды жүзеге асыратын атқару органының жұмысына да белсене араласуға құқылы. ЖШС қатысушыларының өздері құрған серіктестіктерде жеке-дара атқару органы болып жұмыс істеуі, отандық іскерлік айналымда жиі кездесетін жайт. Мұны отандық соттарда қаралған істердің мазмұнынанда көруге болады: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының (бұдан әріде – ҚР ЖС) әкімшілік және азаматтық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2015 жылдың 28 қаңтарындағы №3гп-2-15 қаулысы, Алматы қаласындағы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (бұдан әріде – МАЭС) 2016 жылдың 24 тамызындағы №7527-16-00-2/6050 шешімі және т.с.с.

ЖШС қатысушысының бұл құқығы жайлы сөз қозғағанда, басқаруға қатысудың құқық па әлде, міндет пе екендігі сот практикасында өзекті болып тұрғандығына да назар аудара кеткен жөн. Мысалы, Астана қаласының МАЭС 2011 жылдың 11 желтоқсанындағы №02-8121-11 шешімі, Шығыс Қазақстан облыстық (бұдан әріде - ШҚО) Өскемен қалалық сотының 2016 жылдың 11 наурызындағы үйғарымы, ҚР ЖС әкімшілік және азаматтық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2015 жылдың 01 қазанындағы 3г-3507(2)-15 қаулысы және т.б.

Қатысушының серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысу құқығы

Ақпарат алу құқығы тек ЖШС нысанының қатысушылары ғана иеленетін құқық емес. Атап айтқанда, ақпарат алу құқығы өзге де бірқатар ұйымдық-құқықтық нысандардың да қатысушылары иеленетін құқықтар тізімінен берік орын алған. Мысалы, «Өндірістік кооператив туралы» ҚР заңының 9-бабының 1-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес кооператив мүшелері кооперативтің қызметі туралы толық ақпарат алуға, соның ішінде кооперативтің бухгалтерлік және басқа құжаттамаларымен танысуға құқылы. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңының (бұдан әріде – АҚ туралы заң) 14-бабының 1-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес акционер қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға құқылы.

«Шаруашылық серіктестіктер туралы» ҚР заңының 8-1 бабына сәйкес шаруашылық серіктестігі өзінің қатысушыларының талап етуі бойынша серіктестіктің қызметі және оның қатысушыларының мүдделерін қозғайтын ақпарат беруге міндетті. Ал, шаруашылық серіктестіктері қатысушыларының мүдделерін қозғайтын ақпарат деп заң шығарушы келесілерді таниды:

1) серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысында қабылданған, серіктестіктің байқау кеңесінің, атқарушы органының, тексеру комиссиясының (ревизорының) шешімдері және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) серіктестіктің өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын мөлшерде серіктестіктің қарыз алуы;

3) жасалған мәміле нәтижесінде серіктестіктің өз меншігіндегі капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын ірі мәмілені немесе өзара байланыстағы мәмілелерді серіктестіктің жасауы;

4) серіктестіктің қандай да болсын қызметтің түрін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға лицензиялар алуы, олардың қолданылуын тоқтата тұру не-

месе тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің қандай да болсын қызметтің түрін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға бұрын алған лицензияларынан айыру;

5) серіктестіктің мүлкіне тыйым салу;

6) нәтижесінде серіктестіктің баланстық құны қоғам активтері жалпы мөлшерінің он немесе одан да көп процентін құрайтын мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың басталуы;

7) серіктестікті әкімшілік жауаптылыққа және(немесе)оныңлауазымдыадамдарынқылмыстықнемесеәкімшілікжауаптылыққатарту;

8) серіктестікті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;

9) аудиторлық есеп (ол бар болса);

9-1) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат;

10) серіктестіктің жарғысына сәйкес серіктестік қатысушыларының мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат танылады.

Ал, ЖШС туралы заңның 60-1-бабының ережелеріне сәйкес серіктестіктің атқарушы органы сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы серіктестіктің барлық қатысушыларын сот хабарламасын немесе шақыртуын алғаннан кейін жеті күн ішінде хабардар етуге міндетті екендігі көрсетілген.

Серіктестік қызметі жайлы ақпаратты алуға сұрау жолдаған ЖШС қатысушысының талабы серіктестіктің атқарушы органы тарапынан ерікті түрде орындалмай, қатысушы қажетті ақпаратты сот тәртібімен алғысы келсе, әдетте, отандық соттар келесі қос талаптың сақталуына баса назар аударады: 1) сұрау салған тұлғада, осы серіктестіктің қатысушысы мәртебесінің болуы қажет. Дегенмен, отандық сот практикасында қатысушы мәртебесінің бекітілген тәртіпте тіркелмегендігіне қарамастан ақпарат алуға құқылы екендігін бекіткен істер де кездеседі. Мысалы, «ТенгизИнтерНефтеГазСтрой» және «Каспиан Салфа Компани» серіктестіктерінің арасындағы дауға қатысты қабылданған ҚР ЖС әкімшілік және азаматтық істер бойынша қадағалау сот алқасының 2014 жылдың 28 сәуіріндегі 3г-1516-14 қаулысы; 2) қатысушы сот тәртібіне жүгінбестен бұрын ақпаратты ұсынуды талап етіп серіктестіктің атқарушы органына жүгінуі тиіс және бұл талабы серіктестіктің атқарушы органы тарапынан қанағаттандырусыз қалған ретте ғана ақпаратты сот тәртібімен талап ете алады. Мысалы, «Арлан» ЖШС туындаған дауға қатысты Астана қаласының апелляциялық сот алқасының 2014 жылдың 30 мамырындағы 2а-2817/2014 қаулысы. Бұл істе сот, ақпарат алу туралы талаппен сотқа жүгінерден бұрын қатысушының серіктестікке ақпаратты беру туралы талаппен жүгінуі қажеттігі жайлы байлам жасаған. Сондай-ақ қатысушының серіктестікке аталған талаппен жүгінбеуі, талапты қанағаттандырмауға негіз болып табылады, деген пікір білдірген.

*Шетелдік тәжірибе*

Ресей Федерациясының Жоғарғы Арбитраждық Соты қабылдаған ақпараттық хаттағы мына бір тармаққа зер салсақ: «6. Егер, істі қарау сәтінде мұндай тұлға шаруашылық қоғамның қатысушысы болып табылмайтын болса, онда бұл тұлғаның шаруашылық қоғамды ақпаратты беруге міндеттеу туралы талабының қанағаттандырылмайтындығын соттар назарда ұстауы тиіс. Дегенмен, егер тұлғаның жарғылық капиталдағы үлесі сатып алынып жауапкершілігі шектеулі қоғам оның құнын төлеуі тиіс болса (ЖШҚ туралы Заңның 23-бабы), сондай-ақ егер тұлғадан ашық акционерлік қоғамның акциялары, акционерлік қоғамдар туралы Заңның 84.8 бабында қарастырылған тәртіпте сатып алынып жатса, онда тиісінше қоғам төлеуі тиіс үлестің құнын айқындауға не сатып алынғалы жатқан акциялардың бағасын белгілеуге байланысты қоғамның қызметі жайлы ақпарат ұсынуды талап етуге құқылы»[1].

*Көкейкесті өзекті мәселе*

Отандық сот практикасында, тұлға ЖШС қатысушысы мәртебесін алғанға дейінгі кезеңдер бойынша ақпараттың берілуін талап ете алады ма, деген сауал туындап жатады. Акционердің ақпарат алу құқығы жайлы туындаған бір істе, отандық сот корпусының жекелеген өкілдері, тұлға акционер мәртебесін иеленбей тұрған кезеңдер бойынша ақпарат талап ете алмайды, деген байлам жасаған еді [1, б.193]. Аталған істе жасалған бұл сот байламын, белгілі-бір деңгейде ҚР ЖС да құптап тұр деуге болады. Мысалы, ҚР ЖС 2015 жылдың 04 ақпанындағы 3гп-80 қаулысы. Атап айтқанда, бұл қаулыда ҚР ЖС акционердің ақпарат талап ету құқығының жеке мүліктік емес құқықтар санатына жататындығы жайлы байлам жасаған еді. Ал, ҚР АК 116-бабының 4-тармағында тұлғаға тиесілі жеке мүліктік емес құқықтардың өзге тұлғаға берілмейтіндігі бекітілген. Демек, бұл өзіне тиесілі акциялар пакетін иеліктен шығарған акционердің ақпарат алу құқығы, аталған акциялар пакетін сатып алған тұлғаға ауыспайды деген сөз. Бірақ, бұл ұстанымның орындылығы, дұрыстығы басы ашық күйінде қалуда. Сауалдың осы қыры ЖШС нысанында туындаған кезде істі қараған сот, серіктестіктің жаңа қаты-

[1] *О некоторых вопросах практики рассмотрения арбитражными судами споров о предоставлении информации участникам хозяйственных обществ: инфор. письмо ВАС РФ от 18 января 2011 года, №144 // http://www.arbitr.ru/as/pract/vas_info_letter/32916.html.*

сушысы бұрынғы кезеңдер бойынша ақпаратты талап ете алады, деген байлам жасаған еді. Мысалы, «Орловка» ЖШС туындаған дауға қатысты қабылданған Ақмола облыстық азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2018 жылдың 11 шілдесіндегі №1199-18-00-2а/1284 қаулысы. ЖШС пен акционерлік қоғам нысандарының айырмашылықтарына қарағанда ұқсас тұстарының молдығын ескере отырып, қатысушының (акционердің) серіктестіктің (қоғамның) қызмет етуінің барлық кезеңдері бойынша ақпаратты талап ете алатындығы жайлы ҚР ЖС ортақ ұстаным қалыптастырса, жөн болар еді.

*Шетелдік тәжірибе*

Ресей Федерациясының Жоғарғы Арбитраждық Соты қабылдаған ақпараттық хаттағы бесінші тармаққа назар салсақ: «5. Тұлға тіпті, ол кезеңдерде қатысушы мәртебесін иеленбесе де, шаруашылық қоғамның барлық жұмыс істеу кезеңі бойынша қатысушының құжаттар мен ақпаратты талап ету құқығын шектейтін ешбір ереженің не акционерлік қоғамдар туралы заңның немесе жауапкершілігі шектеулі қоғамдар туралы заңның мазмұнында жоқтығын соттар назарда ұстауы тиіс. Шаруашылық қоғамның қатысушысы мәртебесін иеленген сәттен бастап тұлға бұл құжаттардың жасалу мерзіміне қарамастан қоғамнан оларды ұсынуды талап ете алады».

*Қатысушының табыс алу құқығы*

Коммерциялық ұйымдарды соның ішінде, ЖШС нысанын құру барысындағы құрылтайшылардың көздейтін басты мақсаты табыс табу болып есептеледі. ЖШС нысанында таза табысты әрбір тоқсан, жарты жыл немесе бір жыл қорытындысы бойынша бөлуге рұқсат етіледі. Таза табысты бөлу туралы шешім ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысында қабылданады. Егер серіктестік жарғысы шешімдер қабылдау үшін сан жағынан көпшілік дауысты немесе бірауыздан дауыс беруді қажет етпесе, таза табысты бөлу жайлы шешім әдетте, қатысушылардың жалпы жиналысында жай көпшілік даусымен қабылданады. Қатысушылардың жалпы жиналысы таза табысты бөлмейтіндігі жайлы да байлам жасауы мүмкін (ЖШС туралы заңның 40-бабының 1-тармағы). Қатысушылардың жалпы жиналысының таза табысты бөлмеу туралы шешім қабылдай алатындығы сот практикасымен қуатталады. Мысалы, Ақтөбе облыстық сотының апелляциялық сот алқасының 2012 жылдың 26 маусымындағы №2а-761/2012 шешімі. Сондай-ақ, Солтүстік Қазақстан (бұдан әріде - СҚО) облыстық сотындағы апелляциялық сот алқасының 2011 жылдың 19 қазанындағы №2а-1425/2011 қаулысында келесідей іс сипатталады. Атап айтқанда, бұл істе «Титан» ЖШС қатысушысы Л.Ю.И., таза табысты бөлу туралы талабымен сотқа жүгінген. Сот процессі барысында аталған серіктестіктің үш қатысушысының бар екендігі және олардың 50%, 25% және 25% үлестен иеленетіндіктері белгілі болды. Жарғылық капиталдағы үлестердің 50% ие Л.Ю.И., таза табысты бөлу туралы дауыс берсе, ал қалған екі қатысушы бөлмеу туралы дауыс берген. Бұл ретте, сот таза табысты бөлуді міндеттеуге болмайтындығы жайлы байлам жасаған. Дәл осындай жағдай келесі бір істе де қалыптасқан. Алматы қалалық сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық алқасының 2016 жылдың 08 маусымындағы №2а-2537 қаулысында «SSM-Oil» ЖШС-нің таза табысын бөлу туралы сауал жалпы жиналыстың күн тәртібіне шығарылады. Жарғылық капиталдың 60% үлесіне ие қатысушы таза табысты серіктестік қызметін ары қарай дамыта түсуге жұмсау жайлы шешімге дауыс берсе, ал 40% үлеске ие қатысушы бұған қарсы болады. Сот жалпы жиналысты өткізу тәртібінде ешбір кемшілік кетпеген деп тауып, жалпы жиналыстың таза табысты бөлмеу туралы шешімін заңды деп таниды.

Таза табыстың ЖШС қатысушыларына тиесілі үлеске пара-пар әлде басқалай бөлінетіндігіне қатысты отандық зерттеушілер арасында әралуан пікір кездеседі. Ал, сот тәжірибесі пара-пар бөлініс қағидатынан ауытқуға жол берілетіндігін көрсетуде. Мысалы, Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2009 жылдың 05 тамызындағы №2а-1046-09 қаулысында сипатталған істе «Көк-Өзек» ЖШС қатысушыларының таза табысты бөлудің үлеске пара-пар емес, өзге де тәсілін таңдауға құқылы екендігі бекітілген. Сондай-ақ СҚО сотының апелляциялық сот алқасының 2010 жылғы №2а-212 қаулысында «Дом торговли» ЖШС қатысушыларының арасындағы таза табысты бөлуге қатысты дау сипатталады. Бұл істе ЖШС қатысушылары таза табысты ЖШС-қа тиесілі ғимараттағы бөліктерді қатысушылар арасында бөліп, сол бөліктерді пайдаланудан түскен табыс есебінен пайда алуды бекітеді.

*Көкейкесті өзекті мәселе*

Серіктестік қатысушыларының құрамы ауысқан ретте бұрынғы қатысушылардың алдыңғы кезеңдер бойынша табысты алуға құқықтарының бар-жоқтығына тоқталсақ. Мысалы, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415 Заңымен салыстырғанда ЖШС туралы отандық заңда бұл мәселе реттелінбеген. Атап айтқанда, АҚ туралы заңның 22-бабының 1-тармағында «Төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен алу, егер акцияларды иеліктен алу туралы шартта өзгеше көзделмесе, акцияның жаңа иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады» деген ереже бекітілген. Осы мазмұндағы ереженің

ЖШС туралы заңда болмауы, сот тәжірибесінде қиындықтарды туындатып жатқандығын көреміз. Мысалы, Қарағанды облысының экономикалық сотының 2013 жылдың 29 маусымындағы №2-3188/13 шешімінде сипатталған іс. Дегенмен, құқыққолдану тәжірибесінде өзге де байламдардың жасалып жатқандығына куә болудамыз. Атап айтқанда, Қарағанды облыстық экономикалық сотының 2009 жылдың 09 қазанындағы №2-2696-09 шешімінде «Медсанчасть «Шахтер Испат Кармет» ЖШС туындаған дау сипатталады. Бұл дауда аталған серіктестіктің қатысушысы 2004-2005 қаржылық жылы бойынша таза табысты бөлу туралы талап қояды. Алайда, сот талапты қанағаттандырмау жайлы байлам жасайды және мұны келесідей дәйектермен негіздейді. Біріншіден, аталған қатысушы өзінің үлесін 2009 жылдың 30 наурызында өзге қатысушыға сатқан. Демек, бұл талап қоюшы серіктестікке қатысты талап қою құқығынан айрылған. Бұл құқық толықтай жаңа қатысушыға ауысқан. Екіншіден, 2004-2005 қаржы жылының табысын бөлу туралы мәселені тек 2006 жылдың 31 наурызына дейін ғана көтеруге болады. Себебі, қаржы жылы аяқталғаннан кейін 3 айдың ішінде қаржылық есептілік бекітілуі тиіс. Ал, мұны қазір көтеру болмайды. Үшіншіден, кейінгі қаржы жылдары серіктестік қызметі үшін шығынға толы кезең болған. Сол себепті, алынған табысты кейінгі жылдардың шығыны жойып кеткен. Бірақ, отандық сот тәжірибесінде дәл осыған ұқсас жағдайларда өзге де байламдардың жасалғандығын кездестіруге болады. Атап айтқанда, СҚО экономикалық сотының 2017 жылдың 29 мамырындағы №5930-17-00-2/1293 шешімінде «Су-808» ЖШС-де туындаған дау сипатталып, бұл істе сот таза табысты бөлу туралы шешімнің жыл аяқталғаннан кейін үш айдың ішінде өткізілуі тиістігі туралы талапты сақтамаудың жалпы жиналыстың шешімінің жарамсыздығына әкелмейтіндігі жайлы байлам жасалған. Ал, Алматы қалалық сотының 2015 жылдың 23 маусымындағы №2а-3823/2015 қаулысында «TND» ЖШС орын алған дау сипатталады. Атап айтқанда, 2012 жылдың желтоқсан айынан 2013 жылдың маусымына дейін осы серіктестіктің қатысушысы болған В.Н. Горобцов аталған кезең бойынша өзіне кіріс берілмегендігін алға тартып, қаржылық сараптама жүргізуді талап етеді. Бірінші сатыдағы сот талапты негізді деп тауып, қанағаттандырады. Алайда, апелляциялық саты талап қоюшының серіктестік қатысушысы емес екендігіне назар аударып, аталған сараптаманы жүргізуді талап ете алмайтындығы жайлы байламға келеді.

Біздің пайымдауымызша, туындаған бұл жағдайдың құқықтық реттелуін айқын, ұғынықты ету үшін жоғарыда аталған АҚ туралы заңның 22-бабының 1-тармағындағы ережемен мазмұндас норманы ЖШС туралы заңға да ендірген жөн.

Келесі бір өзекті сауал санатына үлкен берешегі бар ЖШС-тің таза табысын бөлуге болатын-болмайтындығы жайлы мәселені жатқызуға болады. Мысалы, Ақтөбе облыстық сотының апелляциялық сот алқасының 2011 жылдың 18 ақпанындағы №2А-221 қаулысында ЖШС қатысушыларының үлкен мөлшерде берешек соманың барлығына қарамастан таза табысты бөле алатындығы жайлы байлам жасалған. Біздің пайымдауымызша, бұл мәселе АҚ туралы заңның 22-бабының 5-тармағын үлгі ретінде ала отырып, заң шығарушы тарапынан жіті реттелуі тиіс. Атап айтқанда, АҚ туралы заңның 22-бабының 5-тармағында келесідей ереже бекітілген:

«Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтерді есепке жазуға жол берілмейді».

*Шетелдік тәжірибе*

«Жауапкершілігі шектеулі қоғамдар туралы» ресейлік заңның 29-бабында келесідей ереже бекітілген: «29-бап. Қоғамның қатысушылары арасында табысты бөлуді шектеу. Қоғамның қатысушыларына табысты төлеуге шек қою.

1. Келесідей жағдайларда қатысушылар арасында табысты бөлу жөнінде шешімді қабылдауға қоғам құқылы емес, егер:

- қоғамның жарғылық капиталы толықтай төленбесе;

- осы федеральдық заңда көрсетілген жағдайларда қатысушының үлесінің не үлестің бір бөлігінің шынайы құны төленбесе;

- дәрменсіздік (банкроттық) туралы федеральдық заңға сәйкес егер мұндай шешімді қабылдау сәтінде қоғамда дәрменсіздік (банкроттық) сипаттары бар болса немесе бұл белгілер аталған шешімді қабылдау нәтижесінде пайда болатын болса;

- егер мұндай шешімді қабылдау сәтінде қоғамның таза активтерінің құны оның жарғылық капиталы мен резервтік қорынан кем болса немесе мұндай шешімді қабылдау нәтижесінде олардың мөлшері кем болып шығатын болса;

- федеральдық заңдарда көрсетілген өзге де жағдайларда.

2. Қоғам қатысушылары арасында табы-

сты бөлу жөніндегі қабылданған шешімді орындауға қоғам келесідей жағдайларда құқылы емес:

- дәрменсіздік (банкроттық) туралы федеральдық заңға сәйкес егер мұндай төлемді төлеу сәтінде қоғамда дәрменсіздік (банкроттық) сипаттары бар болса немесе бұл сипаттар аталған төлемді төлеу нәтижесінде пайда болатын болса;

- егер мұндай төлемді төлеу сәтінде қоғамның таза активтерінің құны оның жарғылық капиталы мен резервтік қорынан кем болса немесе мұндай төлемді төлеу нәтижесінде олардың мөлшері кем болып шығатын болса;

- федеральдық заңдарда көрсетілген өзге де жағдайларда.

Бұл тармақта аталған мән-жайлар жойылған ретте табысты бөлу туралы қабылданған шешімді орындау үшін қоғам қатысушыларға табысты төлеуге міндетті».

Қатысушының құқықтарын бұзған серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға құқығы

Серіктестіктің басқару органдарының шешімдерін даулау жағдайы корпоративтік даулардың ішіндегі ең көп таралған түрі болып танылады. ЖШС туралы заңның 50-бабында келесідей ереже бекітілген: «Жалпы жиналысты өткізу мен шешімдер қабылдаудың осы Заңмен, серіктестік жарғысымен немесе серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ережелермен және өзге құжаттармен белгіленген тәртібін бұза отырып қабылданған жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін, сол сияқты жалпы жиналыстың заңға не серіктестік жарғысына қайшы келетін шешімін, соның ішінде серіктестікке қатысушының құқықтарын бұзатын шешімін, дауыс беруге қатыспаған немесе дау туғызған шешімге қарсы дауыс берген серіктестікке қатысушының арызы бойынша сот толық немесе ішінара заңсыз деп тануы мүмкін. Мұндай арыз серіктестікке қатысушы қабылданған шешім туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап алты ай ішінде, ал егер ол шешім қабылдаған жалпы жиналысқа қатысса, онда жалпы жиналыстың бұл шешімді қабылдаған күнінен бастап алты ай ішінде берілуі мүмкін. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің өзге де органдарының шешімдеріне дау айту осы баптың бірінші бөлігінде көзделген тәртіп пен мерзімдерде жүзеге асырылады».

Серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлестердің аз бөлігін иеленетін қатысушының басқару органдарының шешімін даулай алу мүмкіндігіне қатысты отандық сот практикасында оң жауап берілген. Атап айтқанда, Алматы облыстық МАЭС-ның 2009 жылдың 10 тамызындағы №2-826/2009 шешімінде «Талдықорған жолдары» ЖШС жарғылық капиталының 2% үлесін иеленетін қатысушының жалпы жиналыстың шешімін даулаған талабы сипатталады және бұл істе сот, аталған қатысушының талабын қанағаттандыру жайлы байламға келеді.

Ал, басқару органының шешімін жарамсыз деп тану талабымен жүгінуге арналған алты айлық мерзімді өткізіп алған ретте аталған мерзімді қайта қалпына келтіруге болады ма, деген сауал туындайды. Сот практикасында аталған мерзімді қалпына келтіруге болады, деп жауап берілген істер кездеседі. Мысалы, Алматы облыстық сотының кассациялық сот алқасының 2011 жылдың 16 маусымындағы №2к-303/2011 қаулысы.

*Көкейкесті өзекті мәселе*

ЖШС-қа кейіннен қосылған жаңа қатысушылардың алдыңғы қабылданған шешімдерді сот тәртібімен даулау бастамасының басым көп жағдайларда сәтсіз аяқталатындығы белгілі болуда. Мысалы, Алматы қаласындағы МАЭС 2015 жылдың 12 ақпанындағы №2-4617 шешіміне арқау болған іске назар аударалық. Атап айтқанда, бұл істе талап қоюшы К., өзге сауалдармен бірге серіктестік жарғысының кейбір ережелерін жарамсыз деп тануды соттан сұраған. Осы ретте, сот талап қоюшы К-ның серіктестікке тек 2013 жылы ғана қосылғандығына, ал, қазіргі редакциядағы жарғының 2012 жылы қабылданғандығына сілтеме жасап және жарғыны жасау сәтінде К., серіктестік қатысушысы болмағандықтан, тиісінше К-ның құқығының бұзылуы мүмкін еместігі жайлы қорытындыға келген. ҚР ЖС 2011 жылдың 18 қазанындағы 3гп-737 қаулысының мазмұнында да осыған ұқсас байлам жасалған. Атап айтқанда, «Корпорация Регион Групп» ЖШС-нің қатысушысы Б., өзі қатысушы мәртебесін алғанға дейінгі серіктестік жасаған бірқатар мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арызымен сотқа жүгінген. ҚР ЖС бұл істе аталған мәмілелердің талап қоюшы Б., серіктестіктің қатысушысы мәртебесін иеленбей тұрған кезде жасалғандығына және осы себепті, оның құқықтары мен заңи мүдделерінің бұзылмағандығына сілтеме жасап, талап-арызды қанағаттандыруға негіз жоқ деп табады. Сондай-ақ осыған ұқсас байлам Астана қаласының МАЭС-ның 2016 жылдың 13 сәуіріндегі №7119-16-002/1367 шешімінде де жасалған. Нақтырақ айтсақ, аталған істе «Фирма Дәуір и Д» ЖШС қатысушысы А., 2004 жылы шақырылған жалпы жиналыстың шешімін жарамсыз деп тануды сұраған талап-арызымен сотқа жүгінеді. Осы ретте, талап-арызды қанағаттандырудан бас тартқан сот, өзінің бұл байламын А-ның серіктестік қатысушысы мәртебесін 2015 жылы ғана алғанын, сондықтан құқықтары мен заңи мүдделерінің бұзылмағандығымен негіздейді. Бұл істегі талап қоюшы А., өз үлесін ерімен

ажырасу барысындағы мүлікті бөлісу кезінде алған болатын. Дегенмен, сот А-ны мүлдем басқа тұлға яғни, жаңа қатысушы ретінде қабылдап, талап-арызды қанағаттандырусыз қалдырады. Осыған ұқсас байламды Қарағанды облыстық сотының кассациялық сот алқасының 2012 жылдың 06 қыркүйегіндегі №2к-1310 қаулысынан да кездестіруге болады. Бұл қаулыда сипатталған істе «Балхашская полиграфия» ЖШС қатысушысы А.И.Е., осы серіктестіктің жасаған мәмілесін жарамсыз деп тануды және атқарушы органды жауаптылыққа тартуды өз талабында сұраған еді. Алайда, сот қатысушы мәртебесін А.И.Е., тек 25.07.2011 жылы ғана алғандығын, сол себепті алдыңғы кезең бойынша оның мәмілені даулай алмайтындығына сілтеме жасайды.

Біздің пайымдауымызша, осы бөліктегі отандық сот практикасы түзетіліп, жаңа қатысушының талабын қанағаттандыру не қанағаттандырмау туралы байлам жасауда басты назар мазмұндық жағына аударылуы тиіс.

*Шетелдік тәжірибе*

Ресей Федерациясының Жоғарғы Арбитраждық Соты Пленумының 2014 жылдың 16 мамырындағы №28 «Ірі мәмілелер мен жасалуында мүдделілік бар мәмілелерді даулауға қатысты кейбір сауалдар туралы» Қаулысының 11 тармағында келесідей ереже бекітілген: «11. Қоғамның мәмілесін даулап жатқан қатысушының, қоғамның мүддесінде әрекет ететіндігі (РФ АПК 225.8 бабы) себепті:

1) талап қоюшының мәмілені жасасу сәтінде қоғамның қатысушысы болмау фактісі талап-арызды қанағаттандырудан бас тартуға негіз болып табылмайды. РФ АК 201 бабы бойынша мұндай қатысушылардың (акционерлердің) талаптары бойынша талап қою мерзімінің өтуі бұрынғы қатысушы мәмілені мақұлдау тәртібін бұза отырып жасағандығын білген немесе білуге тиіс болған сәттен басталады;

2) мәмілені жарамсыз деп тану туралы қатысушының талап-арызын қанағаттандыру туралы шешім қоғамның пайдасына қабылданады...»[2].

Бұл сауалға ресейлік зерттеушілер тарапынан да әралуан пікірлер білдірілген еді. Атап айтқанда, А. Ягельницкий өзінің зерттеу жұмысында серіктестікке жаңадан қосылған қатысушыда бұрынғы жасалған мәмілелерді сот арқылы даулай алу мүмкіндігі болуы тиіс, деп пайымдайды және мұндай мүмкіндікті құптамайтын сот позициясын негізсіз, деп санайды [2, б.199-235]. Ал, К.В. Нам болса, мерзім факторы қоғамның жасаған мәмілелерін даулау мүмкіндігін қатысушыға ұсыну барысында шешуші маңызға ие болмауы тиіс, деп есептейді. Бұл зерттеушінің позициясы бойынша нақты құқықтары мен заңи мүдделерінің бұзылуы осы мәселедегі басты назарда ұсталуы тиіс дүние болуы қажет [3, б.344-345]. Ал, В.А. Гуреев болса, ұйымға жаңадан қосылған қатысушының (акционердің) алдыңғы жасалған мәмілелерді даулай алмауы тиіс, деп есептейді және бұл ұстанымды бекітетін ережелерді заңнамаға ендіруді ұсынады [4, б.130].

Серіктестіктің басқару органдарының шешімімен, осы шешімнің негізінде сырттағы үшінші тұлғалармен серіктестіктің жасасқан мәмілелерінің ара қатынасын айқындау да бүгінгі күн тәртібіндегі аса өзекті сауал. Отандық сот практикасында шешімді жарамсыз деп танумен бірге, қосымша осы шешімнің негізінде жасалған мәмілені де жарамсыз деп тану туралы талабымен жүгінген жағдайлар кездеседі. Мысалы, Алматы облыстық МАЭС-ның 2009 жылдың 10 тамызындағы №2-826/2009 шешімі, Алматы облыстық апелляциялық сот алқасының 2010 жылдың 04 мамырындағы №2а-649/2010 қаулысы. Сондай-ақ шешімнің жарамсыздығының мәміленің де жарамсыздығына ұласқан істер кездеседі. Мысалы, СҚО МАЭС-ның 2009 жылдың 07 желтоқсанындағы №2-2291/09 шешімі. Дегенмен, шешімнің жарамсыздығының мәмілеге әсер етпейтіндігі жайлы да жасалған байламдар бар. Мысалы, Алматы қаласындағы МАЭС-ның 2014 жылдың 28 шілдесіндегі No2-9565/14 шешімі. Басқару органының шешімін жарамсыз деп танымай, бірден осы шешімнің негізінде жасалған мәмілені жарамсыз деп тануға болады ма? Отандық сот практикасы шешімді жарамсыз деп танымай тұрып, бірден шешімнің негізінде жасалған мәмілені жарамсыз деп тануға болмайтындығы жайлы жауап берген. Атап айтқанда, ҚР ЖС 2015 жылдың 30 қыркүйегіндегі №3гп-508 қаулысында кассациялық сатының шешімді жарамсыз деп танымай тұрып, мәміленің жарамсыздығы мәселесіне ауыса алмайтындығы жайлы пікір білдіргендігі келтіріледі.

[2] *Постановление Пленума ВАС РФ. О некоторых вопросах, связанных с оспариванием крупных сделок и сделок с заинтересованностью: утв. 16 мая 2014 года, №26 // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_163615/.*

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сисимбаев Е.К. Информационные права акционеров. Правовые последствия их несоблюдения / В кн.: Судебная практика применения Закона «Об акционерных обществах». Проблемы разрешения споров, связанных с корпоративным управлением». - Костанай: Костанайполиграфия, 2010. – 384 с.

2. Ягельницкий А.А. Категория правопреемства в российском гражданском праве: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.03 – гражданское право; предпринимательское право; семейное право; международное частное право - М., 2011. – 263 с.

3. Нам К.В. Обжалование акционером решений органов управления акционерного общества (некоторые проблемы в теории и практике) // Недействительность в гражданском праве: проблемы, тенденции, практика: сб. ст. / под ред. М.А. Рожкова. – М.: Статут, 2006. - С. 334-350.

4. Гуреев В.А. Проблемы защиты прав и интересов акционеров в Российской Федерации. – М.: Волтерс Клувер, 2007. – 208 с.

## REFERENCES

.1. Sisimbaev E.K. Informatsionnyie prava aktsionerov. Pravovyie posledstviya ih nesoblyudeniya / V kn.: Sudebnaya praktika primeneniya Zakona «Ob aktsionernyih obschestvah». Problemyi razresheniya sporov, svyazannyih s korporativnyim upravleniem». - Kostanay: Kostanaypoligrafiya, 2010. – 384 s.

2. Yagelnitskiy A.A. Kategoriya pravopreemstva v rossiyskom grazhdanskom prave: dis. ... kand. yurid. nauk: 12.00.03 – grazhdanskoe pravo; predprinimatelskoe pravo; semeynoe pravo; mezhdunarodnoe chastnoe pravo - M., 2011. – 263 s.

3. Nam K.V. Obzhalovanie aktsionerom resheniy organov upravleniya aktsionernogo obschestva (nekotoryie problemyi v teorii i praktike) // Nedeystvitelnost v grazhdanskom prave: problemyi, tendentsii, praktika: sb. st. / pod red. M.A. Rozhkova. – M.: Statut, 2006. - S. 334-350.

4. Gureev V.A. Problemyi zaschityi prav i interesov aktsionerov v Rossiyskoy Federatsii. – M.: Volters Kluver, 2007. – 208 s.